

peculiarity of competencies is that they are formed not only in the learning process, but also by the entire socio-cultural environment of an educational institution. This means that the components of the environment also act as objects of control and assessment along with the learning outcomes. The use of visual materials is necessary in a foreign language lesson for a successful understanding of the topic and for consolidating new lexical material. Visual aids help students associate a specific subject and words in English, which greatly facilitates education and helps them learn more quickly.

Taking these factors into account, we came to the conclusion that when developing CMMs for middle school students, it is necessary to adhere to the following principles. First, the competence-based approach to assessment. It involves taking into account the language level and the availability of tasks that offer the practical application of language material with the solution of a communicative task. Secondly, the use of visual materials for a more successful English lesson. Thirdly, the principle of taking into account the sequence of the formation of communicative actions.

Literature:

1. Verbitskaya M.V., Solovova E.N., Makhmuryan K.S. English. A set of materials for preparing students. – M.: Intellect-center, 2016. - 184 p.
2. Kulinich G.G. Control and measuring materials. English. To the textbook Biboletova M.Z. - M.: BAKO, 2014. - 80 p.
3. Afanasyeva O.V., Mikheeva I.V., Frolikova E.Yu. English. Diagnostic work. 6th grade: teaching aid to the textbook by O.V. Afanasyeva, I.V. Mikheeva. - M.: Drofa, 2016. - 126 p.
4. Amonashvili Sh.A. Humane pedagogy. - SPb.: Book on demand, 2010. - 288 p.
5. Artamonova G.V. The role of motivation in the process of independent work of students in the study of a foreign language // Azimuth of scientific research: pedagogy and psychology. - 2015. - No. 3 (12). - P. 7-9.
6. Международный игровой конкурс по английскому языку «British Bulldog» // URL: https://russian-kenguru.ru/uploads/files/bb/18/BB_1819_5-6_var_1.pdf.

ДАМЫҒАН ЗАМАНДАҒЫ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Бердибек М.П.

*(ғылыми жетекші – аға оқытушы Отынишева М.Т.)
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан, Қарағанды қ.*

Андатпа: Бұл мақалада үш тұғырлы тілдің болашағы, ана тілінен басқа тілдердің өмірге қажеттігі жайлы қарастырылған. Тіл білу арқылы көптеген мүмкіндіктерге жол ашылатындығы, шетелге шығуға, өзге елде білім алуға деген басты қадам екендігі баяндалады. Ағылшын, орыс тілдерінің қазіргі уақыттағы ролі мен маңызы туралы, сондай-ақ экономиканың, білімнің дамуында көшбасшылыққа бастайтын бірден бір құрал екендігіне дәлелдер келтіріледі.

Кілт сөздер: үштілділік, Қазақстан-2050 стратегиясы, «Болашақ» бағдарламасы.

Үштілділік – заман сұранысы. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік ролі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы ролі және болашақтағы маңызы зор. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

Атап айтсақ, саясаттанушы Т.Әбдуәлидің: «Мемлекет басшысы жаһандану жөнінде мәселе көтергенде де өре түрегелдік. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі - тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз» деген ойын оқытушы Т.Тәңірбергенқызы ары қарай жалғастырады: «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес».

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу - ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - аталған үш тілді меңгерген мамандардың

кездесе бермейтіні. Қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Елбасы «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» - деген. Демек, ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені, еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік. Үштілділік не үшін қажет? Өз туған жеріміз Қазақстанда тұрып ана тілімізде қазақ тілінде сөйлей беруге болмайма? Ол міндетті ма? деген сұрақтар халық арасында туындады. Үштілділік бұл ағылшын, орыс тілі және ана тіліміз қазақ тілі. Тілді үйрену міндет емес болатын, бірақ біз дамыған дамыған 30-елдің қатарына ену үшін өзге мемлекеттермен бәсекелестікке тұру үшін үш тіл емес, жеті тіл білсекте кем болмайды. Елбасымыз: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы 3 тілді еркін пайдалана алатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Қазақстанда 140 этностың өкілі татулық пен келісімде өмір сүріп, біздің ортақ отанымыздың туының астында үш тілде сөйлейді. Мемлекетіміздің 50%-і орыс тілінде қарым-қатынас жасайды. Білім беру үшін өткен он жылдықта білім беру саласына жұмсалған қаржы 10есе жуық өсті. Заман талабына сай білімнің күшейгені, үштілділікті 1-сыныптан бастап қолға алынған. Осы орайда халық арасында пікір екіге бөлінді: бірі тіл үйрену балаға жас кезден оңай болады десе, ал екінші тарап үш тіл үйрену 5-6 жастағы балаға ауыр, алдымен өз ана тілін үйренсін деген пікірлер айтылды. Біздің ойымша қай жастан бастап тіл үйренседе, ол адамның өзінің қабылдауына, ынтасына, қызығушылығына байланысты. ЮНЕСКО-ның деректері бойынша, біздің еліміз білім беруді дамыту индексі бойынша көшбасшы елдердің қатарында берік орын алып отыр. “Болашақ”бағдарламасы аясында әлемнің таңдаулы университеттерінде 3,5 мыңнан астам қазақстандық білім алды, қазіргі уақытта үш мыңдай қазақстандық білім алып жатыр. Қазақстанның әрбір азаматы жасына қарамастан қашықтықтан оқыту және қысқа мерзімді курстар арқылы тіл үйренуге болатынын дәлелдеп жүр. Біздің елімізде қазақ тілімен қатар орыс тілінің де орны ерекше. Орыс тілі Қазақ жерінде ХХ ғасырда кеңес билігінің орнауымен, түрлі кең таралды және ұлтаралық тіл ретінде қолданылады. Орыс тілін білу біздің ұлтымыздың ерекшелігі деуге де болады. Бұл жайлы қазақтың бір туар ақыны ұлы Абай да айтып өткен болатын. Ақын: «Орысша оқу керек хикметте, мал да, өнер де, ғылым да бір орыста зор, сен оның тілін білсең көкірек-көзің ашылады”-дейді. Аңғаратынымыз қай заманда өмір сүрсекте тіл білгеннің әбестігі жоқ. Үштілді білім беру тұлғаны жан-жақты жетілдірудің негізі. Үштілділікті дамыту үшін түрлі жобалар, бағдарламалар қабылдана бастады. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде өту енгізіліп

отыр. Бұл бағдарлама бойынша қазіргі сәтте еліміздің біршама мектептерінде, белгілі бір таңдап алынған сыныптарында физика, химия, математика, информатика пәндері тек ағылшын тілінде өткізіліп жүр. Пән арқылы кіріктіру материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ете отырып, студенттердің өзіндік жұмыстарын орындалу дейгейін көтеруге қол жеткізуге болады. Пән арқылы оқыту оқушылардың, студенттердің үш тілде сөйлеуін тақырып бойынша тиісті бөлімдерін игеруді жақсартады, танымдық қызығушылығын арттырады. Пәндерді үштілде оқыту арқылы бүгінгі оқушылар, студенттер, ал ертеңгі маман иелері өзге елдердің мамандарымен сол тілде тәжірибе алмасуға жол ашылады. Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет. Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуіміз керек.

«Жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек. Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажет. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», - деген болатын Елбасы өз сөзінде. Орыс тілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындарымен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр.

Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі.

Үш тілді білім беру – тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі кезде қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі көбінесе адамның өзін – өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты. Тілді игеру дейінгі қарай шартты түрде тіл қолданушылары 3 топқа бөлінеді: элитарлық (тілді барлық стильдерде ауызша және жазбаша нысанда жоғары деңгейде қолданатын тұлға) орта (ауызекі стиль мен бір немесе бірнеше кітап стилін меңгерген тұлға) және (қарапайым тілді ауызекі стильде ғана қолданатын тұлға). Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің 30%-қарапайым, 61-62%-орта, ал 8-9%-і элитарлық тілдік тұлғалар екені анықталды. Тіл мәртебесі - ел мәртебесі. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгірт. Тіл -

ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақстан Республикасының тіл туралы 11-шілде 1997-жылғы заңының 4,7,9 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –қазақ тілі. Ата Заңымыздың елге әкелген көптеген өнегелерінің бірі мемлекет құрастырушы ұлт тілі –қазақ тілін мемлекеттік деңгейінде көтеруінде болып отыр. Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі-мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру – біздің міндетіміз. Сол себепті өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтейік достар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы.-Алматы: ЮРИСТ, 2009. - 24б.
2. <https://abai.kz> порталы,<https://egemen.kz>
3. Универсальный справочник для старшеклассников и студентов казахский язык. Алматы, 1999.
4. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.
5. Торе Янсон (Tore Janson) «Тіл тарихы» (The History of Languages).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Кәрімқұл Н.А

Дарибаева А.Е

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан, Қарағанды қ.

*Қазақстан бүкіл әлемде халқы үштілді пайдаланатын
жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс*

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақ елінің барлық халқының үштілді жетік білуі керек екендігі; болашақ мұғалімдердің сапалы үш тілде білім беруі; ағылшын тілін биік деңгейге көтеру керектігі; Елбасымыздың қойған талабын орындау; үштілділіктің болашақтағы пайдасы;

Кілт сөздер: үштілділік, шетелдік студенттер, тілдік қиындық, әлемдік деңгей, халықаралық рейтинг, жоғары білім, ұлтаралық қатынас.

Қазіргі жиырма бірінші ғасырда үш тілді білу өте маңызды. Бірақ «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деген ақын Қадыр Мырза Әлінің сөзі